

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨНЕР
SOCIAL AND HUMAN SCIENCES AND ART
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО

МНРТИ 15.21.69

Б.К. Сақтаганов¹

*¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)*

МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН
ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Аннотация

Мақалада магистранттардың креативті ойлауын дамытудың әдістемелік негіздеріне шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми-теориялық ой пікірлері қарастырылған. Магистранттардың креативті ойлауын дамытуда авторлық тұжырымдамасы ұсынылған. Магистранттардың вербалды креативтілігін дамытуға бағытталған әдістеменің нәтижесі салыстырмалы түрде берілген.

***Түйін сөздер:** психология, қабілет, креативтілік, жаңашылдық, ойлау, тест, әдістеме, магистрант.*

B.K. Saktaganov¹

*¹Kazakh national academy of choreography
(Astana, Kazakhstan)*

METHODOLOGICAL BASIC FOR THE DEVELOPMENT
CREATIVE THINKING OF MASTERS

Annotation

The article presents scientific and theoretical views of foreign and domestic scientists on the methodological basis for the development of creative thinking of graduates. A methodological complex for the development of creative thinking of graduates is presented. Comparative results of the methods conducted with graduates aimed at developing verbal creativity are shown to be relative

***Keywords:** psychology, ability, creativity, innovation, thinking, test, methodology, graduate.*

Б.К. Сактаганов¹

*¹Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)*

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ МАГИСТРАНТОВ

Аннотация

В статье представлены научные и теоретические взгляды зарубежных и отечественных ученых на методологическую основу развития креативного мышления магистрантов. Представлена авторская концепция развития креативного мышления магистрантов. Показаны результаты обучения двух групп магистрантов – экспериментальной и наблюдательной.

Ключевые слова: психология, способность, креативность, новаторства, мышление, тест, методика, магистрант.

Магистранттардың креативті ойлауын дамытуға бағытталған оқыту әдістемесін жүзеге асыру кезінде жаңашылдық сабақтың әртүрлі кешендерінде пайда болуы мүмкін: ол – ең алдымен сөздік жағдайдағы жаңашылдық (қатынас пәнін ауыстыру, талқылау мәселелері, сөйлесуші серіктес, қатынас шарты және т.б.). Бұл материалда қолданылатын жаңашылдық (оның ақпараттығы) және оқу сабақтарын ұйымдастырудағы жаңашылдық (оның түрлері, формалары), жұмыс тәсілдерінің әртүрлілігі. Бұл жағдайларда магистранттар есте сақтауға тікелей нұсқаулықтар алмайды – бұл материалдарды оқу іс-әрекетіндегі қажетті өнім болады.

Кейбір шетел зерттеушілері жаңа нәрсені қабылдауға байланысты креативті қабілеті бар нақты адамдар категориясын бөледі. Мысалы, Е. Роджерс 1962 ж. барлық континиумды бес негізгі категорияға: 1) жаңашылдар, 2) ерте жүзеге асырушылар, 3) ерте көпшілік, 4) кеш көпшілік, 5) тербелушілер деп бөлді [1].

Жаңашылдарға авантюрлық рухы бар; тәуекелге бейім; олар кез-келген жаңа нәрсені қолдануға дайын; олар кез келген байланыстан жаңаны шығаруға тырысатын оқушыларды жатқызуға болады. Авантюрлық табиғаты бар олар жоғары оқу орнының болашақ жаңалығы үшін шешуші фактор болуы мүмкін. Бұндай магистранттар шығармашылық жобалармен жұмыс жасай отырып, қойылған міндеттің басқаша ең тиімді жолдарын көрсетеді.

Ерте жүзеге асырушылар – бұл жаңаша бағыттағы, пікірдегі «көшбасшылар», оларға басқалар үнемі кеңестер және ақыл сұрау үшін келеді. Бұл топтың өкілдері барлық өз әрекеттерін ойластырады, сондықтан саналы жүзеге асырушылар ретінде бағаланады.

Ерте көпшілікті сипаттай отырып, бұл топтың өкілдері

бірінші топпен еркін араласады, бірақ көшбасшы рөлінде анда-санда ғана көрінеді. Оларға шешім қабылдау үшін көп уақыт керек, оларды «орташа» орын қанағаттандырады, бірақ та олар шығармашылық жұмыс үрдісінде басқаларды бақылап отырады.

Кеш көпшілікті мінез сипаты бойынша скептиктер болып табылатын оқушылар құрайды. Олар шығармашылық іс-әрекетке және олардың қажеттіліктеріне сай болса немесе әлеуметтік ортаның қысымымен және көпшіліктің пікірі күшті құпталса жаңаны қолдануға дайын.

Тербелуші – бұл топтың өкілдері өздерінің консервативтілігімен ерекшеленеді, жаңаны қабылдамайды, ескіні құптайды, басқаша шешім қабылдауға күдіктенеді, оларға дәстүрлі міндеттер ұнайды [2].

Біздің зерттеуіміздің міндеттерін шешу бағыты бойынша аталған типтер магистранттардың креативті іс-әрекетін талдауға қолайлы, бірақ та психологиялық-педагогикалық пәндерден сабақ оқу барысында магистранттар тек қана жаңа ғана емес, басқа пәндер бойынша белгілі материалдарды кездестіреді, сондықтан оларға өз білімдерін бір саладан екінші салаға ауыстыруға тура келеді. Бұндай шеберлікті магистранттарды топтарға жіктегенде ескеру керек. Айтылғандарды қорыта келе, мақсатты түрде магистранттардың креативті ойлау қабілеттерінің дамуын төмендегідей деңгейлерге: төмен, орташа, жеткілікті, жоғары деп бөлеміз. Оқытушы магистранттардың креативті ойлау қабілетін дамытуға сәйкес келетін тапсырманы беруді анықтау үшін оларды қандай топ типіне (ары қарай – ТТ) жатқызу керектігін білуі маңызды, бұл жерде олардың әрі қарай дамуына мен психология және педагогика пәндерінен сабақ өту барысында оқу материалдарын жемісті игеруге қолайлы жағдай туғызуы тиіс.

Төмен деңгейге (ТТ-1) креативті ойлау қабілеттері әлсіз дамыған магистранттарды жатқызуға болады. Олар өнімді іс-әрекетті қалайды, оларда конвергентті ойлау, өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейі, жоғары деңгейлі қобалжушылық, қатынастық қабілеттері әлсіз болады және бұндай курсанттардың үлгерімі жоғары емес.

Орташа деңгейге (ТТ-2) өнімді ақыл-ой іс-әрекетін қалайтындарды, өзін-өзі қалыпсыз бағалайтындар, сондай-ақ кімде қобалжу деңгейі орта деңгейге дейін төмендеген болса, және жағдайға байланысты қатынастық қабілеті пайда болатындарды жатқызамыз.

Жеткілікті деңгейге (ТТ-3) креативті ойлау қабілеттерінің белгілері жеткілікті дәрежеде дамыған, айналадағыларды шынайы түрде тану мен зерттеуге нақты бағытталған, өзін-өзі бағалауы қалыпты түрде бекіген және қобалжудың төменгі деңгейі бар магистранттарды мақсатты түрде қосамыз. Магистранттардың

бұндай тобы күрделірек тапсырмаларды оңай шешеді, жаңа жағдайға тез бейімделеді, бірақ өзінің қабілеттерін сынақтар мен емтихандарда ғана көрсетеді. Біртекті тапсырмаларды орындау барысында бұл типтік топтардағы кейбір магистранттар мен оқытушылар арасында мәселе туындайды, өйткені олар бұндай тапсырмаларды жеңіл және қызықсыз деп қарайды. Оқу жылы барысында олар типтік тапсырмаларды үнемі еріктерімен орындамайды, бірақ мәселелік тапсырмаларды ынтасымен орындайды, жобалық тапсырмаларды орындауға белсене қатысады. Егер ерекше шығармашылық тапсырмалар бере отырып, олардың психологиялық-педагогикалық пәндерді оқуға деген мотивацияларын жоғарылатса, бұл типтік топтың көптеген магистранттарының үлгерімі «жақсы» және «үздік» болуы мүмкін.

Жоғары деңгей (ТТ-4) креативті ойлары дамыған белгілерімен, өзін-өзі дұрыс бағалаумен, қобалжудың төменгі деңгейімен, қалыптасқан танымдық шеберлігімен, дамыған қарым-қатынастық және интеллекттілік қабілеттерімен сипатталады. Бұл магистранттардың креативті ойлау қабілеттері даралықтың басқа салаларымен бірлікте дамиды. Креативті ойлау қабілеттерінің бұндай деңгейін игерген магистранттар барлық уақытта да шығармашылық тапсырмаларды жемісті орындайды, ал бұндай тапсырмаларды орындау барысында олар оны шынайы орындауға және бұрыннан белгілі материалдан бір жағаны табуға тырысады.

Магистранттардың вербалды креативтілік деңгейін анықтау үшін әдістеме жүргіздім. Бұл төмендегі:

С. Медниктің вербалды креативтілік тесті (RAT)

(А.Н. Воронин бейімдеген, ересектік нұсқа)

Ұсынылған әдістеме С. Медниктің (алыс байланыс тесті) бейімдеген тестік нұсқасы. Әдістеме Ресей ғылым академиясының Психология институтының психологиялық қабілеттер зертханасында ересектік әдістемесін А.Н. Воронин бейімдеген [3, 220-232 бб.].

Жасалған тест жағдай бөліктерін қайта құрамдау үрдісі ретінде анықталатын вербалды креативтілікті диагностикалауға арналған. Бұл жағдайда сыналушыға байланыс саласы бойынша өзара бір-біріне ұқсамайтын үш сөз ұсынылады. Зерттелуші олардың әрқайсысы кейбір сөз ұйкастарын құрайтын бөлшектерін біріктіретін олардың арасында ассоциациялық байланыс құратын төртінші сөзді табуы тиіс. Стимулдық материал ретінде 40 сөздік триада қолданылады.

Аталған тесті жүргізуде зерттелушінің іс-әрекетін уақытпен реттемейтін әдістемелерді құрылымдау қағидасы қолданылды. Тестік тапсырмалар жетістікке жету мотивациясына бағытталудан максималды түрде босатылған, өйткені жетістікке жету мотивациясы

іс-әрекетке ынталандыру болып табылады.

Жасалған әдістеме аталған эксперименталдық жағдайдағы сыналушының іс-әрекет ерекшеліктерін емес, зерттелушінің бойындағы бар шегенделген, жасырын креативтілік әлеуетті анықтауға және бағалауға бағытталған.

Әдістеме тапсырмалары ешқандай шектелмеген. Ол тест немесе тапсырма қағидасы бойынша емес, бір типті тапсырмалар түрінде іс-әрекеттің шектеусіз алабы негізінде құрылған.

Зерттелушінің тестік тапсырмаларды шешуін уақытпен шектеуге болмайды. Мүмкін болса зерттелушімен жеке жұмыс істеу керек. Бірақ та топтық түрде де болады.

А. Н. Воронин бейімдеген ересектік нұсқасы бір бөлімді (20 триад) құрайтын топтық қысқартылған нұсқадан тұрады және дайындықсыз жүргізіледі, өйткені орындауға берілген уақыттың аздығы ересек адамдардың дайындығында дайындық тапсырмаларымен анықталатын тестілеу нәтижелерінің жүйелі алға жылжуын береді. Әдістemenің қысқартылған топтық нұсқасы үшін ынталандыру материалдары әдістemenің жеткіншектік нұсқасының екінші бөлімінен алынды.

Нұсқаулық

Өткізу ерекшеліктері:

Тест жүргізу кезінде әдістemenің пәндік бағытталуы туралы ашық талқыламаған дұрыс, яғни шығармашылық қабілет, шығармашылық ойлауды зерттеп жатқанымызды айтпауымыз керек. Тесті қалыптан тыс іс-әрекетте, жағдайда өзіміздің «шынайылығымызды» көрсетуге арналған әдістеме ретінде ұсынуымыз керек. Тестілеу уақытын шектемеуіміз керек, бірақ сыналушыға әрбір үш сөз үшін шамамен 1-2 минут беруіміз керек.

Нұсқаулық:

Сізге ұсынылған үш сөздің әрбірімен сәйкес келетін (кейбір сөз тіркестерін құрастыра отырып) тағы бір сөз іріктеуді қажет ететін үш сөз ұсынылады.

Мысалы, қатты, шындық, ақырын үш сөзі үшін-жауап ретінде айту сөзін (қатты айту, шындықты айту, ақырын айту) пайдаланамыз. Сізде сөзді грамматикалық және жалғау ретінде өзгертуге болады, мысалы, сағат, скрипка, бірегей сөздері үшін жауап шебер сөзі болуы тиіс (сағат шебері, шебер скрипкашы, бірегей шебер).

Ұсынылған сөздерге сіздің басыңызға жауап ретінде келетін бейнелер мен байланыстар шынайырақ және анық болуы тиіс. Стереотиптерді бұзуға және ерекше жаңа және шынайы ойлауға тырысыңыз. Әрбір үш сөзге өте көп жауап беріңіз.

Мазмұны

Ынталандыру материалы:

1.	кездейсоқ	тау	күтілген
2.	кешкі	қағаз	қабырғалық
3.	кері	отан	жол
4.	алыс	соқыр	болашақ
5.	халықтық	қорқыныш	әлемдік
6.	ақша	билет	еркін
7.	адам	шен	завод
8.	есік	сенім	тез
9.	дос	қала	шеңбер
10.	пойыз	сатып алу	қағаз
11.	түс	қоян	қант
12.	сүйкімді	әжімдер	ертегі
13.	балалық	жағдай	жақсы
14.	ауа	тез	жаңа
15.	әнші	Америка	жіңішке
16.	ауыр	туылу	түсімді
17.	көп	әшейін	тура
18.	қисық	көзілдірік	өткір
19.	бақшалық	ми	бос
20.	қонақ	кездейсоқ	вокзал

Кесте 1. Кездейсоқ сөздер

Кілті

Қысқартылған топтық нұсқада нәтижелерді өңдеу:

Жауаптардың шынайылығы барлық мәліметтер тобынан шыға отырып бағаланады және төмендегі формуламен есептеледі:

$$Or = 1 - \frac{x - 1}{x_{max} - 1}$$

Мұнда:

Or – берілген түрдегі жауаптың шынайылығы;

x - берілген түрдегі жауаптың саны;

X_{max} - берілген түрдегі жауаптың максималды саны.

Жауап түрлері шамамен бір мағыналы жүктемені білдіретін бір түбірлі сөздермен түсініледі.

Сонымен, ұмтылыс, ұмтылу, ұмтылады, ұмтыламын сөздері біртүрлік сөз ретінде қарастырылды және жауаптың бір түрі:

ұмтылысқа біріктірілді.

Магистранттар тобына қатысты адамдарды тестілеу нәтижелерін бағалау үшін төмендегідей әрекет алгоритмі ұсынылады. Сыналушылардың жауаптарын бар жауап түрлерімен салыстыру қажет және ұқсас жауап түрлерін табу кезінде аталған жауапқа тізімде көрсетілген шынайылықты беруіміз керек. Егер тізімде мұндай жауап түрлері болмаса, аталған жауаптың шынайылығы 1 болып саналады.

Шынайылық индексі барлық жауаптардың орташа шынайылығы ретінде есептеледі, яғни барлық жауап бойынша шынайылық көлемі жауап санына бөлінеді. Жауап сандары «үштік сөз» санымен сәйкес келмеуі мүмкін. Кейбір үштік сөзге сыналушылар екі, үш жауап береді, кейбіреулерінде – жауап болмайды.


Медник бойынша **кереметтік индексі** керемет жауаптардың санына тең.

Магистранттар басқа адамдармен байланыс жасаған жағдайда ғана вербалды креативтілік дамиды. Ұжымдағы магистранттардың басқалармен өзара қатынасы мен нақты байланыстары тікелей қарым-қатынас жасағанда көрінеді.

А.Н. Воронин бейімдеген С. Медниктің вербалды креативтілік әдістемесі вербалды креативтілікті диагностикалауға арналған. Бұл әдістеме сыналушының іс-әрекет ерекшеліктерін емес, зерттелушінің бойындағы бар шегенделген, жасырын креативтілік әлеуетті анықтауға және бағалауға бағытталған.

Эксперимент тобындағы магистранттарда вербалды креативтілік шкаласының орташа арифметикалық шамасы 6,6, ал орташа квадраттық ауытқуы – 1,7-ге тең болды. 30% (18) магистрант вербалды креативтілік шкаласының төмен деңгейін, 38% (23) вербалды креативтіліктің орташа деңгейін, 22% (13) вербалды креативтіліктің жеткілікті деңгейін, ал 10% (6) вербалды креативтіліктің жоғары деңгейін көрсетті.

Бақылау тобындағы магистранттарда вербалды креативтілік шкаласының орташа арифметикалық шамасы 6,6, ал орташа квадраттық ауытқуы – 1,7-ге тең болды. 25% (15) магистрант вербалды креативтілік шкаласының төмен деңгейін, 35% (21) вербалды креативтіліктің орташа деңгейін, 25% (15) вербалды креативтіліктің жеткілікті деңгейін, ал 15% (9) вербалды креативтіліктің жоғары деңгейін көрсетті.



Сурет 1. Эксперименттік және бақылау тобының вербалды креативтілік шкаласы бойынша салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

1	0%	20%	40%	60%	80%	100%
2	1,00	0,94	0,91	0,86	0,81	0,61
3	19,00	6,00	4,00	3,00	2,00	0,00
4	49,00	20,00	15,00	12,00	10,00	1,00

Кесте 2. Пайыздық қатынастар

Екі топтың вербалды креативтілік шкаласының орташа арифметикалық шамалар арасындағы $t_{эм}(-1,1) < t_{0,05}(1,972)$, яғни, екі статистикалық топтың орташа арифметикалық шамалары арасындағы айырмашылық статистикалық мәнді емес.

Кестеден көріп отырғанымыздай, вербалды креативтілігін дамыту көрсеткіштерінің орташа арифметикалық шамалар арасында бақылау тобының статистикалық көрсеткіштері жоғары болғандықтан, орташа арифметикалық шамалары арасындағы айырмашылық статистикалық мәнді болып табылады. Бұл магистранттардың вербалды креативтілігін дамыту мәселесі бойынша ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық жиынтықтың нәтижелі екендігін көрсетеді.

Сонымен, жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі, ұсынылып отырған магистранттардың вербалды креативтілігін дамытудың әдістемелік негіздерінің тиімділігін көрсетті.

Әдебиеттер:

1. Rogers E.M. Diffusion of innovations. – Free press, 1983. – 453 p.
2. Давыдов В.П., Образцов П.И., Уман А.И. Методология и методика проведения психолого-педагогического исследования. – Москва: Логос, 2004. – 198 с.
3. Mednick S.A. The associative basis of the creative process // Psychol. Review. – 1969. – No 2. – 220-232 pp.

References:

1. Rogers E.M. *Diffusion of innovations*. – Free press, **1983**. – 453 p. (*In Engl.*)
2. Davydov V.P., Obrazcov P.I., Uman A.I. *Metodologija i metodika provedenija psihologo-pedagogičeskogo issledovanija*. – Moskva: Logos, **2004**. – 198 s. (*In Russ.*)
3. Mednick S.A. *The associative basis of the creative process* // Psychol. Review. – **1969**. – No 2. – 220-232 pp. (*In Engl.*)